



**БЕКІТЕМІН**  
**Мектеп басшысы:**  
**С.С. Муканова**

**«Бөстөбе кентінің негізгі орта мектебі» КММ**  
**2023-2024 оқу жылында Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасы**

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарының мазмұнының негізі**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі балалардың ал-ауқаты ұғымына негізделген, өйткені ата-аналар баланы дамыту мен тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Өзара сыйластық пен қолдау отбасының әрбір мүшесіне басқаларға деген сүйіспеншілікпен қамқорлықты сезінуге көмектеседі —бұл құндылықтар қактығыстар мен дауларды тиімді шешу,ымыраға келу және бір-бірін түсіну қабілетін қалыптастырады. Отбасында ал-ауқатты қалыптастыру және қолдау оның барлық мүшелерінің үнемі күш-жігерін, назарын және қамқорлығын талап етеді, ал үй ортасы - бала білім алып, дами бастайтын алғашқы орта.

Эмоциялық тұрақтылық және ата-ана-баланың жағымды қарым-қатынасы салауатты үй ортасына ықпал етеді. Ата-аналар баланың салауатты психологиялық дамуы үшін аса маңызды эмоциялық қолдау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Отбасының ал-ауқатын қалыптастыруға отбасының барлық мүшелерінің денсаулығына қамқорлық жасау, тұрақты медициналық тексерулер, дұрыс тамақтану және дене белсенділігі әсер етеді. Ата-аналар балаларды дұрыс тамақтанумен, ұйқы үлгілерімен және дене белсенділігімен қамтамасыз етеді, бұл дене бітімінің дамуына және жалпы денсаулығына ықпал етеді.

Ата-аналар ерте балалық шақтан бастап білім беружүйесін де маңызды рөл атқарады. Олар ұйқымен де малудың көлемі мен сапасына назараудара оттырып, күн тәртібін қадағалай алады, үй тапсырмасын орындауға көмектеседі, білімге деген қызығушылықты ынталандырады және баланың психикалық қабілеттерін дамытып, сақтай алады.

Олар балаларға қактығыстарды шешуді үйренуге, ынтымақтасуға және басқаларды құрметтеуге көмектеседі. Отбасының әрбір мүшесі өз сезімдері мен пікірлерін білдіре алуы үшін ата-аналар мен балалар арасында сенімді қарым-қатынасты дамыту маңызды, оған отбасылық байланыстарды нығайтатын бірлескен іс-шаралар, мерекелер, демалыс және отбасылық дәстүрлер ықпал етеді.

Жеке ал-ауқат ұғымы соңғы онжылдықта кен тараған, әр түрлі зерттеушілер әзірлеген және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) ұсынымдарында көрініс тапқан.

*Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ):* Өзінің басылымдарында денсаулықты анықтауда ұйымға тек физикалық қана емес, сонымен қатар психикалық және әлеуметтік ал-ауқат та кіреді.

*РЕРМА ал-ауқат моделі:* Оң психологияның негізін салушылардың бірі Мартин Селигман әзірлеген РЕРМА моделі ал-ауқаттың бес негізгі элементін

қамтиды: Позитивті эмоция, өзара іс-қимыл, қарым-қатынас, мағына және жетістік.

*Маслоу, Абрахам (1954):* Өзінің қажеттіліктер иерархиясы теориясында Маслоу адам қажеттіліктерінің әр түрлі деңгейлерін талқылайды, оларға физиологиялық (физикалық ал-ауқат), қауіпсіздік қажеттіліктері (физикалық және әлеуметтік ал-ауқатпен байланысты), әлеуметтік қажеттіліктер (әлеуметтік ал-ауқатпен байланысты), сыйластық қажеттіліктері

(эмоциялық ал-ауқатпен байланысты), өзін-өзі өзектендіру қажеттіліктері (танымдық игілікпен байланысты) жатады.

*Рейф, Кэрол (1989):* Кэрол Д. Рейф танымдық, эмоциялық, әлеуметтік ал-ауқатпен байланысты алты компонентті қамтитын психологиялық игіліктің негізін жасады: дербестік, жеке өсу, өзін-өзі бағалау, басқалармен жағымды қарым-қатынас, өмірдегі мақсаттар, қоршаған орта.

Бұл дереккөздермен модельдерігіліктің әртүрлі аспектілері мен олардың өзара байланыстарын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді, соның негізінде негізгі төрт түрді ажыратамыз:

**Когнитивтік ал-ауқат** - есте сақтау, назар аудару, түсіну және үйрену қабілеті, ой процесстерінің дамуы, интеллект сияқты психикалық процесстердің дамуы. Танымдық ал-ауқат бұл процесстердің оңтайлы жұмыс істейтін жағдайын көрсетеді, бұл адамдарға толық өмір сүруге мүмкіндік береді.

## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫК КОЛДАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

«Даналық мектебі» аясында «Аналар клубы», «Әкелер клубы»

№	Іс-шаралардың атауы атауы	өткізу форматы	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру туралы бұйрық шығару, іс-шаралар жоспарын құру	Жоспарлар	Қабдешева .М.Б Сисемәлі А.М. Ахметова Д.М.	қыркүйек
	Ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беруді іс-шаралар жүйелі ұйымдастыру		Қабдешева .М.Б	қыркүйек
	«Даналық мектебі» жобасы аясында «Әкелер мектебі», «Аналар мектебін» құру		«Ата-аналар» академиясын құру	қыркүйек
1	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасына ата-аналарды тарту үшін ата-аналармен ынтымақтастық орнату (Сыныптық ата-аналар жиналысы, жалпы ата-аналар жиналысы)	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамасы	Қабдешева .М.Б Сынып жетекшілер	қыркүйек
2	Отбасы күніне арналған іс-шаралар «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»	ағталық	Қабдешева .М.Б Сынып жетекшілер	қыркүйек

<p>3</p> <p><b>№1 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> Отбасы – бақыт бөсігі Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам</p> <p><b>№1 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b> «Баланың бас ұстазы – ата-ана» Позитивті тәрбие, ашық есік күні</p> <p><b>№1 сабақ. 10-11 сынып ата-аналары</b> «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...»</p>	<p>тәрбие сағаты</p> <p>дөңгелек үстел</p>	<p>Қабдешева .М.Б Сынып жетекшілер</p>	<p>қыркүйек</p> <p>казан</p>
<p>7</p> <p><b>№2 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> «Білімдіге дүние жарық.» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз</p> <p><b>№2 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b> «Ақыл айтпа, жол көрсет» «Әжелер, аналар» мектебі</p>	<p>психологиялық тренинг</p> <p>семинар</p> <p>психологиялық тренинг</p>	<p>Қабдешева .М.Б Сисемәлі А.М. Ахметова Д.М.</p>	<p>казан</p>
<p>«Ағалар, әжелер мектебі» сабақтарын өткізу. «Жақсылық жасап жарысайық!»</p>	<p>акция</p> <p>шеберлік сынып</p>	<p>сынып жетекшілер</p>	<p>қараша</p>
<p>«Әжелер мектебі» сабақтарын өткізу «Әжем үйреткен..» (тамақ әзірлеу, тігін тігу және тоқыма тоқу)</p>	<p>викториналық ойын 9-10 сынып қыздары</p>	<p>Сисемәлі А.М.</p>	<p>қараша</p>
<p>«Женге мектебі» сабақтарын өткізу «Қыздар білуге тиіс..» (тұрмыстық қажеттіліктер</p>	<p>тәрбие сағаты</p>	<p>Қабдешева .М.Б Сисемәлі А.М. Ахметова Д.М.</p>	<p>Қараша</p>
<p>9</p> <p><b>№3 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> «Әрбір бала-жарық жүлдыз» <b>№3 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b></p>	<p>коучинг</p>		

	«Балаға үйрету: ақылды мейірімге орап бер!» Бала жүрегіне жол табу	дөңгелек үстел		
12	<b>№4 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> «Баланы жастан...» Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады? <b>№4 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b> Бұлақ көрсен, көзін аш. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	интеллектуалды ойын  шығармашылық жоба байқауы	Қабдешева М.Б. Заводова Е.К.	желтоқсан
15	<b>№5 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады? <b>№5 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b> «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері»	дөңгелек үстел сынып сағаты жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау	Қабдешева М.Б. Сисемәлі А.М. Ахметова Д.М. Абишева Ж.К. сынып жетекшілер	қаңтар
18	«Мектептегі ата-ананың бір күні»	ашық есік күні	мектеп әкімшілігі	ақпан
19	<b>№6 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары</b> «Сенім арту - жетістік кепілі»Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	психологиялық кеңес беру айдары	Сисемәлі А.М. Ахметова Д.М.	ақпан
20	<b>№6 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары</b> «Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай	психологиялық кеңес беру айдары психологиялық кеңес	Қабдешева М.Б	ақпан

	сақтауға болады.	беру айдары		
	«Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу «Аналар мектебі» «Аналар сөзі-тәрбие көзі»	қоучинг	Қабдешева М.Б.	наурыз
	«Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу.»Әжелер мектебі» «Ұл тәрбиесі ұядан»	дөңгелек үстел	Қабдешева М.Б. Заводова Е.К.	наурыз
	«Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу» «Женгелер мектебі» «Сырласайық жөнеше»	сайыс		наурыз
22	№7 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»	қоучинг	Қабдешева М.Б. сынып жетекшілер	наурыз
	Бағаға үлгі көрсету			
23	№7 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары «Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары»	пікір-талас	Сисемәлі А.М.	наурыз
	Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері			
24	№7 сабақ. 8-9 сынып ата-аналары	дебат	Қабдешева М.Б.	наурыз

	«Сүйіспеншілік – сыйластық кілті» Махаббат татулықтың негізі		Заводова Е.К.	
	«Әжелер мектебі» сабақтарын өткізу «Ата кәсіп - берекенің бастауы»	көрме ұйымдастыру	Кабдешева М.Б.	сәуір
25	№8 сабақ. 1-4 сынып ата-аналары «Тәлімменен өрілген біздің дәстүр»  Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	дәстүрлі тағамдар жәрменкесі	Кабдешева М.Б. Заводова Е.К.	сәуір
26	№8 сабақ. 5-9 сынып ата-аналары «Отбасы құндылығы - сарқылмас казына», «Құндылықтар - отбасы бақытының негізі»  «Женіс үшін рахмет!»	отбасылық байқау  челлендж	Кабдешева М.Б.	сәуір
27	Атқарылған іс-шараларды БАҚ-қа, әлеуметтік желіге жариялау	уақытылы ақпарат	мектеп әкімшілігі	мамыр мамыр

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Мектеп психологы:

Әлеуметтік педагог:

Мектеп мейірбикесі:

Кабдешева .М.Б

Сисемәлі А.М

Ахметова .Д.М

Абишева.Ж.К